



**Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын
деректердің құпиялылығы туралы
КЕЛІСІМ**

Мен, «Клиент», «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы ЗТБ (бұдан әрі – Қоғам) Qazaq Green Certificate Registry тізілімінің қатысушысы бола отырып, алынған және маған белгілі болған ақпарат пен құжаттаманың мынадай шарттарда құпиялылық режимін қамтамасыз ету туралы келісім беремін:

1. Мен коммерциялық, қаржылық және өзге де мүдделерді адал сақтауға, бірлескен жұмыс барысында алынған кез келген ақпаратты Қоғамның жазбаша келісімімен не жария етуге рұқсат етілген мәліметтер тізбесі тараптардың арнайы жазбаша келісімімен айқындалған жағдайларды қоспағанда, үшінші тарапқа жария етпеуге және бермеуге келісемін.

2. Құпия ақпарат мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):

1) тараптардың қаржылық не шаруашылық қызметіне іскерлік қатысы бар мән-жайлар;

2) мемлекеттік органдардың, қаржы компанияларының, банктердің, сенімгерлердің, инвесторлардың, кредит беру, міндеттемелерге кепілдік беру және қамтамасыз ету көздерінің, сенім білдірілген адамдардың, тапсырыс берушілердің, лауазымды адамдардың есімдері мен басқа да жеке деректерін қоса алғанда, нысанаға қатысы бар қатынастардың атаулары;

3) ҚР заңнамасымен құпия деп танылған кез келген өзге де ақпарат.

3. Клиент үшін құпия ақпаратты жария етпеу бойынша міндеттер жүктеледі. Егер оған қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еркін болып табылса, ақпарат құпия бола алмайды.

4. Құпия ақпаратты ашу бұзушылық болып табылады және Клиенттің қасақана, абайсыз немесе менмендік әрекеттерінен туындағанына қарамастан, Клиент пен Қоғам арасындағы шарттық қатынастардың біржақты бұзылуына әкелуі мүмкін.

5. Клиент тарапынан осы келісімді бұзуға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі. Егер келіссөздер нәтижесінде тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта түпкілікті шешілуге жатады.



ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Мен, «Клиент», «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы ЗТБ (бұдан әрі – Қоғам) Qazaq Green Certificate Registry тізілімінің қатысушысы бола отырып, Қоғамның менің дербес деректерімді мыналар үшін қажетті көлемде жинауға және өңдеуге (менен және/немесе кез келген үшінші тұлғалардан алуды қоса алғанда) келісемін:

- Қоғаммен кез келген шарттар, қосымшалар, оларға қосымша келісімдер және маған қызмет көрсетуге бағытталған өзге де құжаттар жасасу;
- маған немесе басқа адамдарға қатысты заңды салдарлар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау үшін;
- маған Қоғам көрсететін қызметтер туралы ақпарат беру үшін;
- Қоғамның және менің арасында жасалған кез келген мәмілелерді/операцияларды жасасуға және (немесе) орындауға қатысы бар және (немесе) болуы мүмкін үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылы үшін;
- уәкілетті органдарға, аудиторлық және өзге де құзыретті ұйымдарға, мемлекеттік органдарға есептілікті және (немесе) ақпаратты ұсыну үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (белгіленуі мүмкін) немесе Қоғам және менің арасында жасалған шарттардың/келісімдердің мәнінен туындайтын өзге де мақсаттар үшін.

Осы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе не Қоғам алдында орындалмаған міндеттемелер болған жағдайда, кері қайтарып алуға жатпайды.

Осы келісіммен Қоғамға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жинау, өңдеу, жазу, көшіру, жүйелеу, жинақтау, нақтылау (өзгерту және толықтыру), пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау, жою, құртуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, дербес деректермен осындай іс-әрекеттердің (операциялардың) кез келген әрекетін (операциясын) немесе жиынтығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, кез келген өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыру құқығы беріледі.

Бұл ретте мен осындай келісімді бере отырып, өз еркіммен және өз мүддем үшін әрекет ететінімді растаймын, сондай-ақ осы келісім «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары сақталған жағдайда, осы келісім негізінде дербес деректерді өңдеуге құқығы бар үшінші тұлғаларға менің дербес деректерімді беру үшін деректер болып саналатынын мойындаймын және растаймын.



ЖЕКЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА (ЖЫЛЫСТАТУҒА) ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС- ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1. Мен, «Клиент», Qazaq Green Certificate Registry қатысушысы бола отырып, осы арқылы «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы ЗТБ-ға (бұдан әрі –Қоғам) менің тізілімге қатысуыма байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қорғалатын коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) жасауға жол бермейтінім туралы келісімді беремін.

Мұндай әрекеттерге өкілеттіктерді теріс пайдалану, коммерциялық пара беру, пара алу, пара беру, пара беру делдалдығы, міндеттерге жосықсыз қатынас жатады.

2. Басқа тараппен немесе Қоғаммен қандай да бір іскерлік қатынастар орнату және (немесе) ұзарту мақсатында осы келісімнің 1-тармағында көзделген әрекеттерді жасамағанымды Қоғамға мәлімдеймін және кепілдік беремін.

3. Мен жеке және мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ол құрылған немесе тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің ақшасын жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен танысқанымды мойындаймын және келісемін, оны («Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын) сақтауға міндеттенемін.

4. Мен өз білімімнен жеке және мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген іс-әрекеттерді жасамаймын және менің келісіміммен жасауға жол бермеймін деп келісемін.

5. Менің бухгалтерлік құжаттама қолданыстағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жүргізілетініне, шарттық қатынастар бойынша жүзеге асырылатын барлық төлемдерді толық және сенімді түрде көрсетілетініне келісемін.

6. Егер мен коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызметтің мүдделеріне, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқарудың мүдделеріне қарсы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл туралы осы ережелердің кез келгенін нақты немесе болжамды түрде бұзғаным туралы білсем, мен бұл туралы Қоғамды дереу хабардар етемін және осы ақпаратты тексеруге жәрдемдесемін.

7. Осы келісім шеңберінде жеке және мемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу жөніндегі рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенемін.